

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ФИТОНИМДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Есимбетова Сауле Кадирбекқызы

saule.kadirkbekovna93@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының 1 – курс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.К. Сәтенова

Адам өміріндегі өсімдік әлемінің алатын орны ерекше. Дүние жүзі бойынша 500 мыңнан астам өсімдіктер түрлері бар. Олардың құрамында үлкен ағаштар мен кішкентай балдырлар да бар, 220 мыңдай түрі суда өседі, ал мәдени өсімдіктердің түрлері 20 мыңнан асады.

Тіл мамандарының өсімдіктер әлеміне ерекше көңіл бөлуінің себебі – өсімдіктердің адамзат мәдениетінде басты орындардың бірін алуында. Фитонимдерді қолдану мифологиялық, діни және әдеби дәстүрлерді жалғастырып, тіл мәдениетінің архетиптеріне сүйенеді. Фитоморфизм ойлаудың ерте формасымен байланысты және осы форма арқылы туындаған ұғымдар тілде сақталады. Фитонимдер көптеген зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда және қазіргі уақытта оларды зерттеу кеңінен таралған. Олар дискурстың әртүрлі түрлерінде (әдеби, поэтикалық, ғылыми және саяси т.б.) қарастырылады және көбіне тек бір тілдің материалына және тілдерді салыстыруға негізделген. Авторлар қолданатын тәсілдердің әртүрлілігіне қарамастан, флора әлемі олар үшін әмбебап болып табылады, бұл шындықты модельдеудің ең көне тәсілдерінің бірін қарастыруға мүмкіндік береді.

Флора концептуализациясымен байланысты фитонимикалық дүниетаным лингвистикалық дүниетанымның мозаикалық бөлігін зерттейтін келешегі зор бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі тіл білімінде әртүрлі тілдердегі және әлемдік мәдениеттердегі фитонимикалық лексиканы талдауға арналған көптеген еңбектер бар. Ғылыми еңбектерде тілдік құбылыстарды сипаттауға басты мән берілген және фитонимді зерттеу саласындағы көптеген мақалаларға қарамастан, терминдік бірізділік орын алғанын байқауға болады. Ғалымдар осы олқылықтарды жойып, нақты анықтамалар беруге тырысады. Фитонимдердің денотациямен тұрақты байланысқан бірқатар терминологиялық белгілері бар және лексика-семантикалық топтың жалпылама сөзі бар деген пікір де бар. Сонымен, фитонимдер флораның қосымша тілдік контекстінің таңбалаушысы ретінде маңызды лексемалар ғана емес, сонымен қатар ана тілінде сөйлеушінің санасында прагматикалық және бағалаушы компонентті тудырады. Егер фитонимді тудырушы элемент немесе өсімдік атауы ретінде алатын болсақ, онда бұл лексика-семантикалық топтағы лексикалық топты ажыратуға болады.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының алғашқысы қайсы деген сұраққа Б. Қалиев өзінің 1988 жылғы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты еңбегінде нақтысы белгісіз екенін айтып өткен. Алайда, ол өсімдіктер әлемі адамзатпен бірге дамып, өмір сүріп келе жатқандығын айта отырып, адамдар өз өмірлеріне алғашқы күндерінен бастап тіршілігіне пайдаланып жүрген, пайдасы мол, маңызы зор өсімдіктердің бірінің аты алғашқы болған деп болжайды. «Ондай аса қажетті өсімдіктер деп – біз тамақ үшін пайдаланылатын, онсыз тіршілік жоқ, *бидай, арпа, тары, бұршақ* сияқты дәнді дақылдар мен алма, өрік, шие бүлдірген, жүзім тәрізді жеміс жидектерді айтамыз. Бұлардың қатарына желден суықтан қорған болатын, басқа пана, жанға сая: қарағай, тал, терек, қайың, емен, сияқты ағаштарды жатқызуға болады» - дейді [1, 5 б.].

Академик Ә. Қайдар өсімдіктерді ағаштар; бұталар; шөптер мен шөптесіндер; қурайлар; гүл-шешектер; дәнді дақылдар; техникалық дақылдар; бау-бақша; көкөніс, жеміс-жидектер, саңырауқұлақтар [2] деп бірнеше топқа жіктеген.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларын зерттеу барысында Б. Қалиев қазақ даласындағы өсімдік әлемін жан-жақты қарастыра отырып: жабайы өсімдіктердің сыртқы түрі мен сүрегінің жуан-жіңішкелігі, қатты жұмсақтығына қарай: ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер (қурай, шөп, гүл) болып тағы да бөлінеді дейді. Мәдени өсімдіктер: астық, дәнді-бұршақ, жемісжидек, көкөніс, бау-бақша өсімдіктері болып түрленеді [40, 8 б.].

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеушілер – П.П. Поляков, М. Бимағамбетов, А. Айғабылов, Б. Қалиев, Г. Ұйықбаева, Ш. Күркебаев, У.Б. Әділбаева, Ш.Б. Сейітова, М. Күштаева, Г.А. Омарбекова т.б. П. Поляков «О казахских ботанических терминах» атты мақаласында ботаникалық терминдерді талдай отырып, 1946 жылы жарық көрген орысша - қазақша сөздікте кейбір өсімдік атауларының түсіндірмесі дұрыс берілмегендігін, кейбір өсімдіктердің қазақша атауларының сөздікке енгендігі жайлы сын пікір жазады [3, с. 98-99]. Зерттеу барысында отандық тіл білімінде туыс емес тілдерге қатысты салғастырмалы және аударматанымдық тұрғыдан қаралған жұмыстар кездесе қоймады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фитонимдік бірліктердің де белгілі бір әдеби еңбек негізінде аудармасы, екі немесе үш тілді қатар алып, салғастырмалы талдау жасалған емес. Осыған орай осы мақала негізінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» еңбегінде кездесетін кейбір өсімдік атауларының ағылшын тіліне аудармасы, олардың екі тілдегі этнолингвистикалық мәні, берілген аударманың дұрыстығы және бұрыстығы анықталды. «Қан мен тер» еңбегі ағылшын тіліне орыс тілі арқылы аударылған, сондықтан бұл жерде үш тілді қатарынан қарастыру қажеттілігі туындайды.

Анау, *шытыр* жеген түйедей шерміп отырған түрі [4,18 б.].

Берілген сөйлемдегі фитонимдік бірлік - *шытыр* (лат. *Ranunculus acris*). Гүлі ұсақ, шашақ тәрізді гүл шоғырына топтанған, сортаңдау далада өсетін өсімдік [5]. Ол сарғалдақтар тұқымдасына және көпжылдық шөп тәріздес өсімдіктер қатарына жатады.

1- сурет



Шытыр

1-ші суретте шытырдың бейнеленген. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында, *шытыр* өсімдігін жануарларға азық болатын от қатарына кіргізген. Соның ішінде жұғымды от, жасық от, көк от, қара от, ақ от, ащы от деп бөліп келе, шытырды ащы от қатарына жатқызады [6]. Осыған

карамастан, бұл фитоним түрін улы өсімдіктерге жатқызған, және оны жеген малдар уланып, іші кеуіп, тіпті өліп кетуі де мүмкін. Сондықтан малды жайлауға шығарған кезде шытыр өспейтін жерге апаруға тырысқан. Ең қауіпті кезең мамыр айының ортасынан бастап соңына дейін екен. Алайда, шытыр өсімдігін әртүрлі дәрі жасау мақсатында, бас ауруды, ревматизмді, жараны, күйікті, шиканды емдеу үшін пайдаланып, емдік шөптер қатарына да жатқызған. Берілген мысалға қарайтын болсақ, автордың кейіпкерді сипаттауда нақты *шытыр* өсімдігін пайдалануы жайдан жай емес, *шытырға* тойып, одан уланып, қозғала алмай отырған түйеге теңеп, шебер суреттеген.

Осы сөйлемнің орыс тіліндегі аудармасын қарастыратын болсақ, «**И хоть могла чего нибудь с мужиком, а то ведь не может – лежит как пузатая верблюдица**» (стр. 8) [7]. Көріп отырғанымыздай *шытыр* өсімдігінің аудармасы мүлдем берілмеген, *шытыр жеген түйедей шермип* деген *пузатая верблюдица* деп қана аударылған. Бірақ *шытыр* өсімдігінің орыс тілінде де бар екендігі анық. Оны *лютик едкий* деп аударып, сөйлемде беруге болар еді. Бұл жерде қарны қампиып отырған түйеге теңеп сипаттағанын көреміз және ал түпнұсқадағы *шытыр* фитонимі арқылы беріліп тұрған, улы өсімдікке тойып, қозғала алмай отырған түйенің сипаты толық жеткізілмеген.

Дәл осы сөйлемнің ағылшын тіліне аударылған нұсқасын қарастырайық. **As if she could do anything with the fellow anyway, but she can't, she's lying like a big humped camel** [8, 15]. Әрине, бұл аудармада да *шытыр* фитонимдік бірлігінің жоқтығын байқауға болады. Оның бірден бір себебі түпнұсқа және аударма арасындағы орыс делдал тілдің болуы. Орыс тіліне *шытыр* сөзінің аударылмауы ағылшын тіліндегі аудармада да жоқтығына әкеліп отыр. Ағылшын мәдениетінде де мұндай улы өсімдік, дәрілік қасиеті де, түр пішіні де сәйкес өсімдік түрі бар, оның атауы – *buttercup*. Егер орыс тіліндегі аудармада бұл фитонимдік бірлік аударылған жағдайда, ағылшын тілінде де баламасы бар, *buttercup* фитонимдік бірлігі арқылы аудару мүмкіндігі бар еді. Көріп отырғанымыздай, бір ғана фитонимдік бірлік, сөйлемдегі эмоциялық, экспрессивті әсерді бәсеңдетіп отыр.

Келесі мысал: «**Қамыс арасында жүретін кәдімгі тоқпақ бас қара мөңке ғой**» - деп, **жұртты ду күлдіріп еді** [4, 30 б.]. Бұл сөйлемдегі фитонимдік бірлік *қамыс* сөзі. *Қамыс* - қияқ тұқымдасына жататын ең көп тараған өсімдік. Суда, ылғалды жерлерде өседі. Негізінен, 250-ден астам түрі белгілі, ал Қазақстанда оның 14 түрі бар. Ең жиі кездесетіні - көл қамысы немесе қоға [9]. Қазақ мәдениетінде қамысты малға азық, тұрмыстық жабдық, отын ретінде, тіпті шаруашылыққа да пайдаланған. Қамыстан салынған үй, мал қора өте жылы, суыққа, ылғалға төзімді болып келеді. Қазақ халқында қамыс сөзімен келетін мақал-мәтелдер де жиі кездеседі. Бұл тағы да оның күнделікті өмірде жиі пайдаланылғанын, мәдениетіміздің бір бөлшегі екендігін дәлелдейді.

2-сурет



Қамыс

Түпнұсқада сөйлемдегі *Қамыс арасында жүретін қара мөңке* деп қарапайым, жас бала бейнелі түрде сипатталып отыр.

Орыс тіліндегі аудармадағы бұл қосымша бейне қаншалықты сақталғандығын келесі сөйлемнен көруге болады. **«Он так похож на головастого черного мунке» [7, 20 б.]**. Сөйлемде фитонимдік бірлік түсіп қалған және сөйлемнің түпнұсқадағыдай эмоционалды әсер бермейтінін де байқауға болады. Алайда орыс тілінде *камыш* сөзі нақты осы фитонимдік бірліктің аудармасы. Камыш - высокое водное или болотное растение сем. Осоковых [10] деп С. И. Ожегов және Н. Ю. Шведованың «Толковый словарь русского языка» атты онлайн сөздігінде берілген, яғни, бұл жерде де *қамыс* фитонимдік бірлігін аудару мүмкіндігі бар еді.

Ағылшын аудармасында **«He is like a big-headed black monkfish» [28p. 8]** деп берілген. Әрине, әдеби туынды ағылшын тіліне орыс тілінен аударылғандықтан, бұл жерде де фитонимдік бірліктің жоқтығы түсінікті. Алайда, ағылшын тілінде *қамыс* фитонимдік бірліктің нақты аудармасын *reed* деп беруге болар еді. Кэмбридж сөздігі ұсынған түсіндірмесі бойынша **«Суға жақын өсетін шөп тәрізді биік, қатты өсімдік» [11]**. Ағылшын тіліндегі аудармада сөйлемнің қарапайымдылығы, қосымша ақпараттың, қазақ тіліндегі жас баланы сипаттауға арналған бояудың жетіспегендігі байқалады.

Келесі мысалда да түпнұсқада фитонимдік бірлік берілген **«Аталас болмасақ та, аядай жерде іргелес отырған екі ауыл бір дәнді жеп, бір малдың сүтін бөліп ішкен бүтіндік емес пе еді көздегеніміз?» [4, 23 б.]**. Бұл жердегі фитонимдік бірлік *дән* сөзі. Ботаникалық қысқаша термин сөздігі бойынша дәнге берілетін анықтама : **«Құрғақ бір тұқымды, перикарпийі тұқымымен тұтасып кеткен қақырамайтын жеміс (астық тұқымдастарына тән)» [12]**.

3-сурет



Қазақ халқы үшін қашанда дәнді дақылдар молшылықтың, тоқшылықтың бейнесі болған. Соның ішіне арпа, бидай, сұлы, жүгері, тары және т.б. жатады. Бұл сөйлемдегі автордың нақты осы фитонимдік бірлікті қолдану себебі, оны ас ретінде пайдалануында және оның кішкентай пішініне байланысты мөлшерінің аздығын нақтылай кеткісі келеді. Мағынасына қарайтын болсақ, бір-біріне ешқандай туыстық қарым қатынасы болмаса да, аз да болса, кішкене ғана асын бөліп жеген, ауызбіршілігі мол, бауырмал болып отырған екі ауылдың бейнесін көрсетеді.

Орыс тіліндегі аудармадағы берілген сөйлем **«Хоть и мы и не из одного рода, но ведь живем вместе на одном клочке земли. И эта земля Еламан ага, - земля наших предков. Что же может быть дороже мира и согласия?» [7, 13 б.]**. Аудармадан *дән* фитонимдік бірлігінің жоқтығын көре аламыз. Орыс тілінде жай ғана екі ауылдың қатар бір жерде тұрғаны ғана сипатталып тұр, ал түпнұсқада жоғарыда айтылып кеткендей, екі ауылдың қиын кезеңдерде бірге күн көрген өмірдің сипатталғаны аудармада берілмеген. Орыс тілінде *зерно* сөзі мысалда айтылып кеткен фитонимдік бірліктің нақты аудармасы.

Ағылшын тіліндегі аударылған шығармада **«Although we are not from the same kin, we live together on one patch of land. And this land, Elaman-aga, is the land of our ancestors! What could be more dear to us than peace and harmony!» [8, 20 б.]** деп берілген. Алдыңғы мысалдарда да айтылғандай, орыс тілі арқылы жасалған аударма болғандықтан, фитонимдік бірлік мүлдем жоқ. Ағылшын тілінде *дән* сөзінің аудармасы *grain* сөзі нақты келеді.

Өсімдік атауының аталмай, аударылмай кеткен сөйлемдерден тағы бір мысал ретінде келесі сөйлемді қарастырайық **«Ақбала бір жығылып, бір тұрып жағаға жетті. Осы арада, жыңғыл ма, түзген бе, қолына іліккен әлдебір бұтаға жабысып ұстай алды» [4, 53 б.]**. *Жыңғыл* - жыңғылдар тұқымдасына жататын бұта не ағаш. Негізінен Оңтүстік Еуразия мен Солтүстік-Батыс Африкада кездесетін 60 (кейбір деректерде 90) түрі белгілі. Қазақстанның далалы, шөлді аймақтарында таралған 11 түрі, 2 буданы бар [13].

4 - сурет



Жыңғыл

Ә. Қайраттың «Он тоғызыншы ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі өсімдіктер атаулары» деген еңбегінде, жыңғыл ағашы *«жсингиль, джсингиль»* деп сол уақыттағы атымен жазылып қазақшаға *жыңғыл*, орыс тіліне *гребеничник*, ағылшын тіліне *tamarix, galicca* деп аударылған [14, 121 б.]. Сонымен қатар, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының

дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында, *жыңғыл* өсімдігі жануарларға азық болатын от қатарына кіргізілген. Соның ішінде жоғарыда айтылған шытырман бір қатарға ащы от ішіне кіргізген. «Шетен, *жыңғыл*, сексеуілдің қызуы мол, бұта-шілік, балғын, баялыш, тал тамызыққа ғана, қызуы мол делінетін қарағаш, қарағай, қайың, емен, терек қыста үй жылытуға пайдаланылады» [6, 45 б.] деп «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда жыңғылдың қасиетін, оны не үшін пайдалануға болатынын айтып өткен.

Аудармада дәл осы сөйлемді қарастыратын болсақ, «**Задыхаясь она ухватила за косяк и повернулась к морю.**» [7, 43 б.] деп берілген. Осы сөйлем құрамына мұқият қарайтын болсақ, *жыңғыл* және *түзген* деген фитонимдік бірліктер *косяк* деп аулырлған. Орыс тілінде косяк деп С. И. Ожегов және Н. Ю. Шведованың «Толковый словарь русского языка» атты онлайн сөздігінде «Брус дверной или оконной рамы.прил. косячный, -ая, -ое.П. КОС'ЯК, -а, м.1» деген анықтама берген. Осыдан түйін, орыс тіліндегі шығармада *косяк* деген үй ішіндегі есіктің босағасын сипаттап отыр, яғни үйден шықпай жатып болған оқиғаны көрсетіп тұр. Түпнұсқада Ақбала атты кейіпкердің үй сыртында құлап, жығылған бейнесі анық байқалады. Бұл жерде аударманың дұрыс жасалмағандығынан оқиғаның бұрмалап айтылуы байқалады. Жоғарыда айтып өткендей, *жыңғыл* өсімдігінің орыс тілінде тура аудармасы *гребеник* немесе *тамарикс* деп те атай береді. Яғни, фитонимдік бірлікті нақты аударып, оқиғаны нақты суреттеуге мүмкіндік бар.

«**Gasping, she grabbed the doorpost and turned toward the sea.**» [8, 57 б.] деген ағылшын тіліндегі аудармаға талдау жасайтын болсақ, қайтадан, сөздің дұрыс аударылмауы, оқиғаның бұрмалануы байқалады. Себебі, *doorpost* сөзі нақты орыс тілінің *косяк* сөзінің аудармасы болып табылады. Жыңғыл ағашының ағылшын атауы – *tamarix*. Егер де аударма тікелей түпнұсқа тілінен жасалған жағдайда да, берілген фитонимнің атауын аудару мүмкіндігі бар еді.

Қорытындылай келе, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» еңбегіндегі фитонимдік бірліктердің аударылатын тілде баламасы бола тұра, аударылмай қалып кеткендігін байқауға болады. Ол оқырманға түпнұсқадағыдай әсер беруге, аассоциативті түрде көз алдына елестетіп, бейнелей алуына кері әсерін тигізеді. Берілген мысалдарда жай ғана өсімдік атауы ретінде аталып қоймай, нақты бір қосымша мағлұмат беріп тұрғандықтан, оның аудару маңызы бар деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б. Т.3: Табиғат.
3. Поляков П.П. О казахских ботанических терминах // Вестник Ан КазССР . – Алма-ата: Наука, 1950, №6. – С. 98-99.
4. Нұрпейіс Ә. ҚАН мен ТЕР. Үш кітаптағы роман: Ымырт, Сергелден, Күйреу. – Алматы: «Книжный клуб баспасы» ЖШС, 2021. - 546 б.
5. Қуралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь» . 2007.
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 2 том. – Алматы, ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2012. – 736 б.
7. Нурпейсов А. КРОВЬ и ПОТ. Роман в трех книгах: Семурки. Мытарства. Крушение. / Авторизованный перевод с казахского Ю.П.Казакова. - Алматы: ТОО «Издательство Книжный клуб». 2021. – 640 стр.
8. Abdi-Jamil Nurpeisov. Blood and sweat. Liberty Publishing House. New York./ Translated from Russian by Catherine Fitzpatrick. 768 p.
9. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=246>

10. <https://ozhegov.slovaronline.com/search?s=камыш>
11. <https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/англо-русский/reed>
12. Ботаникадан қысқаша терминдік сөздік / Г.Н. Паршина, Г.С. Айнагулова, Г.С. Нурмухамбетова - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. - 82 б.
13. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Жыңғыл>
14. Қ. Әлімжан. Он тоғызыншы ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі өсімдіктер атаулары. /Алматы – 2009./ - 34 б.

УДК 81-42

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ЦИФРОВОГО ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ

Жорабек Ерболат Қайратұлы

erbolat258@gmail.com

Магистрант 2 курса специальности, Цифровое переводоведение 7М02313

ЕНУ им. Л. Гумилева, Г.Астана, Республика Казахстан

Научный руководитель: д.ф.н., профессор Тажибаева С.Ж.

Национальные игры являются глубоким выражением культурного наследия, воплощающим традиции, ценности и коллективную идентичность общества. Являясь ключевыми компонентами нематериального культурного наследия страны, эти игры часто несут лингвистические и контекстуальные нюансы, которые создают уникальные проблемы для перевода. Процесс перевода требует тонкого баланса между лингвистической точностью и сохранением культурной аутентичности [1]. Пересечение национальных игр и перевода открывает богатое поле для исследований. Углубляясь в сложности перевода этих игр на разные языки, ученые могут раскрыть глубокие связи между языком и культурой. Исследования цифрового перевода, включающие применение технологий в процессах перевода, еще больше расширяют дискурс за счет внедрения инновационных инструментов и методологий.

Перевод национальных игр представляет собой многогранный процесс, выходящий за рамки языковой конверсии. Это требует глубокого понимания уникальных особенностей, присущих этим культурным артефактам, и признания того, что они выходят далеко за рамки простого игрового процесса. Перевод национальных игр характеризуется несколькими отличительными аспектами:

1. **Культурно-специфическая терминология:** национальные игры часто включают в себя терминологию, глубоко укоренившуюся в культурной структуре сообщества. Этим терминам может не хватать прямых эквивалентов на других языках, что требует тщательного рассмотрения переводчиками. Задача заключается не только в поиске лингвистических совпадений, но и в передаче культурных коннотаций, заложенных в этих терминах.
2. **Сохранение культурного богатства:** одной из основных целей перевода национальных игр является сохранение культурного богатства, заложенного в игровой процесс. Это выходит за рамки простого перевода слов; он предполагает передачу культурной атмосферы, ценностей и традиций, связанных с играми, обеспечивая, чтобы переведенная версия отражала дух оригинала.
3. **Доступность для глобальной аудитории:** хотя сохранение культурной аутентичности имеет решающее значение, перевод должен также обеспечивать доступность для мировой